

Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № а-7/286 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 тамызда № 4329 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № а-6/246 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 26.06.2015 № а-6/246 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу Қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Н.Ә.Аманқұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі *М.Тақамбаев*
Степногорск қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 29 шілдедегі № а-7/286
қаулысымен бекітілген

Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы

1. Осы Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру Қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленген және Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің мөлшерлемесін есептеу т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Қалалық коммуналдық заңды тұлғаның балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жылдық жалдау төлем ақысының есебі осы Қағиданың қосымшасына сәйкес құрылыс түрін, тұрғын үй емес жайдың түрін, жайлылық дәрежесін, аумақтық орналасқан жерін, жалдаушының қызмет түрін, жалдаушылардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескере отырып, базалық мөлшерлемесі және қолданылатын коэффициент мөлшерінің негізінде анықталады және формула бойынша іске асырылады:

$$A_{п} = B_{с} \times S \times K_{т} \times K_{к} \times K_{жд} \times K_{р} \times K_{қт} \times K_{ұкн},$$

м ұ н д а ғ ы :

$A_{п}$ – бір жылда қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілеріне жалға алу төлемінің м ө л ш е р л е м е с і ;

$B_{с}$ - жылына 1 шаршы метр теңгеге жалға алу төлемінің негізгі мөлшерлемесі ;

S – жалға алынатын жай, шаршы метр, соның ішінде жалпы пайдалану орнына жалдаушының қолжетімін есепке алатын жалға берілетін алаңның 25 п а й ы з ;

$K_{т}$ - құрылыс үлгісін есепке алатын коэффициент;

$K_{к}$ – тұрғын емес үй жайдың түрін есепке алатын коэффициент;

$K_{жд}$ – жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент;

$K_{р}$ – аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент;

$K_{қт}$ – жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент;

$K_{ұкн}$ - жалға алушының ұйымдастыру–құқықтық нысанын ескеретін к о э ф ф и ц и е н т .

3. Жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды

мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = C \times N_{ам} / 100 \times K_{п}$$

м ұ н д а ғ ы :

$A_{п}$ – жылына жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды жалдау ақысының мөлшерлемесі;

C – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозу есептелген жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

$N_{ам}$ - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 120-бабына сәйкес тозудың ш е к т і н о р м а л а р ы ;

$K_{п}$ - төмендету коэффициенті (0,5 көлемінде-сауда-сатылатын (делдалдық) қызметтерді қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,8 мөлшерінде 60 пайыздан артық жабдықтың, көлік құралдарының және басқа пайдаланылмайтын заттардың тозуы кезінде қолданады).

4. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін сағат бойынша мүліктік жалға беру, сонымен қатар қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалға беру кезінде жалдау ақысын есептеу келесі формуламен іске а с ы р ы л а д ы :

$$A_{ч} = A_{п} / 12 / Д / 24 ,$$

м ұ н д а ғ ы :

$A_{ч}$ - бір сағатқа қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілеріне, жабдықтарға, автокөлік құралдарына және басқа пайдаланылмайтын заттарға жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

$A_{п}$ - осы Қағиданың 2-ші немесе 3-тармақтарында аталған жалға алу м ө л ш е р м е с і ;

$Д$ - мүліктік жалға берілетін (жалға алынатын) объектілерге тапсыруды іске асыратын бір ай ішіндегі күндердің саны.

Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу Қағидасына қосымша

Степногорск қаласы бойынша коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері және негізгі мөлшерлемесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 04.02.2015 № а-1/52 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Негізгі мөлшерме		1,5 айлық есептік көрсеткіш
№ р/т	Коэффициенттердің түрлері	Коэффициенттің мөлшері
1	Құрылыс үлгісін есепке алатын коэффициент (Кт):	
	1.1. кеңселік, әкімшілік, қоғамдық	1,0
	1.2. ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне арналған, өндірістік	0,8
	1.3. қоймалық, гараждық, қазандық	0,7
2	Тұрғын емес жайдың түрін есепке алатын коэффициент (Кк)	
	2.1. ғимарат немесе ғимараттағы жай, қоғамдық көлік тұрақтары, көшелік жарықтар тірегі	1,2
	2.2. жалғастыра салынған бөлігі	0,9
	2.3. цоколдық (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4. жертөле бөлігі, төбесі	0,6
3	Жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент (Кжд)	
	3.1. барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр қуаты, канализация) қандай да коммуникация түрі болмаған жағдайда әр түрге 0,5 азаяды	2,0
4	Аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент (Кр)	
	4.1 Степногорск қаласы	0,9
	4.2 Заводской кенті	0,5
	4.3 Ақсу кенті	0,5
	4.4 Бестөбе кенті	0,5
	4.5 Шаңтөбе кенті	0,1
	4.6 Қарабұлақ ауылы	0,5
	4.7 Изобильный ауылы	0,5
	4.8 Қырық-құдық ауылы	0,5
	4.9 Бөгенбай ауылдық округі	0,5
	Жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент (Ккт);	
	5.1 брокерлік қызмет және кеден қызметін көрсету, банктер, ломбардтар, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалды конторлар, адвокаттық конторлар, зергерлік шеберханалар үшін	3,0
	5.2 қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй, сауда немесе сауда-делдалдық қызметтерімен айналысатын ұйымдастыру үшін	1,5

5	5.3 облыста қызметтерді ұйымдастыруға арналған:	1,1
	5.3.1. жоғары, техникалық және кәсіптік білім;	0,9
	5.3.2. орта білім;	0,8
	5.3.3. мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	
	5.4 денсаулық сақтау, мәдениет, туризм, спорт және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қызметтерді ұйымдастыру үшін	1,0
	5.5 бастапқы, негізгі орта, жалпы орта, кәсіптік білім беруде жалпы білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында оқушылардың тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін, және оқу орындарының жатақханалары	0,5
	5.6 мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттарда, кіруін шектетумен осы мекемелердің және кәсіпорындардың жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) қызметшілердің тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін	0,9
	5.7 жарғылық қызметті іске асыратын ғимараттарда, осы мекемелердің және кәсіпорындардың жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) мемлекеттік заңды тұлғалардың тамақтануын және буфеттерді ұйымдастыру үшін	1,2
	5.8 жылумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және қатты тұрмыстық қалдықтарын шығаруды ұйымдастыру үшін	0,5
	5.9 пошта қызметі саласындағы қызметтерді ұсыну үшін	1,0
5.10 басқалар үшін	1,5	
6	Жалға алушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Кұкн):	
	6.1 коммерциялық емес ұйымдар үшін (үкіметтік емес ұйымдардан басқа)	0,5
	6.2 үкіметтік емес ұйымдар үшін	0,2
	6.3 басқалар үшін	1,0